

А. К. Алибаев, педагогика және басқару теориясы кафедрасының оқытушысы, полиция лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Адам мен азаматтардың заңды мүдделерін, мемлекет пен ұйымдардың құқықтарын қылмыстық қолсұғушылықтан қорғауға бағытталуын және қоғамдық тәртіптің сақталуы, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құқық қорғау органдарына және ішкі істер органдарына жүктеледі.

Қоғамдағы барлық іс-әрекеттер адамдардың қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Нақтыланған мақсат таңдап алып, қызметтің тік жолымен жүріп соның негізінде жақсы жоспар құруға болады. Бірақ аталғанның бәрі бекер болуы мүмкін, егер шешуші аймақтарда істің оң жағынан шешілуінің тиімділігін білетін жауапкершілігі жоғары, ішкі істер органдарындағы басқару әдістерін қолдана білетін, кәсіби деңгейдегі маман қызметкерлер тұрмаса. Сонымен қоса тәжірибеде мемлекеттік шешімдермен байланысты істерді жүзеге асыруға, ішкі істер органдарының жетекшілік құрамы қоғамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуға және күресуге негізделеді. Сондықтан ішкі істер органдарының қызметі және басқа құқық салаларының қызметкерлерінің сапалы әрі кәсіби дайындалған кадрларымен және қабылданатын шешімдерге, әсер ететін басқарушылық әдістермен тығыз байланысты.

Е. Т. Жалбууровтың ойынша әдістер дегеніміз — бұл, басқару субъектісінің басқару объектісіне басқарулық ықпал етуді жүзеге асыру әдісі, бір сөзбен айтқанда бір адамның екінші адамға, адамдардың бір ұжымының екіншісіне, адамның ұжымға немесе ұжымның адамға ықпалы. Әдістер — басқару жүйесінде болып жатқан үдерістерді реттеудің, ұйымдастырудың әдістері, адамдардың бір бірлескен қызметінің жалпы мақсатына жеткізетін тәсілдер. Сонымен бірге, басқару әдістері басқару қызмет үдерісінде субъектінің және объектінің өзара ықпалын ұйымдастырудың нақты құралдары ретінде таныладыⁱ.

А. П. Корневтың пікірі бойынша ішкі істер органдарындағы басқару әдістері дегеніміз — бұл басқару мақсатының, міндетінің және функцияларының тәжірибеде жүзеге асырылуын атайды. Оның анықтамасы бойынша, басқару әдісі басқару мақсатымен тікелей байланысты. Мақсат әдісті қолданудың ерекшелігімен байланысты, ал өз кезегінде әдіс мақсатқа жетудің мүмкіндігін және басқару мақсатының қандай түрде қол жетуін көрсетеді деп анықтағанⁱⁱ.

Жалпылай келе ішкі істер органдарындағы басқару әдістері дегеніміз бұл — қойылған мақсатқа, тапсырмаға және басқару қызметтеріне жетудің, тапсырмаларды жүзеге асырудың тәжірибелік түрлері. Басқару әдістері тікелей басқару мақсаттарымен байланысты. Мақсаттар әдістердің қолдану ерекшеліктері мен себептерін айқындайды. Мақсаттары болып әдістерді қолдану ерекшеліктерін, өз кезегінде әдістер нақты мақсатқа жетуді анықтайды, басқару мақсаттарына жету жолдарын көрсетеді.

Жоғарыдағы анықтамадан келесідей қорытындыға келуге болады:

- әдістер — басқару объектісіне басқару субъектісінің әсер етуді жүзеге асыру тәсілі;
- әдістер — басқару субъектісінің басқару объектісімен байланысын көрсетеді;
- әдістер — бұл тәсілдер, яғни олар адамдардың бірлескен жұмысы арқылы мақсаттармен тапсырмаларға жету;
- басқару әдістері басқару жүйесінің белсенді элементтері болып табыладыⁱⁱⁱ.

Ішкі істер органдары жүйесіндегі қызмет ететін барлық әдіс-тәсілдерді келесідей сипаттамалары бойынша бөлуге болады:

- 1) әсер ету сипатына қарай: тікелей әсер ету, жанама әсер ету;
- 2) әсер ету жолдарына қарай: жеке, алқалық, ұжымдық;
- 3) уақыттық сипатына қарай: қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, стратегиялық;
- 4) сипаты бойынша: тактикалық.

Ішкі істер органдары қызметінің ерекшеліктеріне қарай, басқару әдістері келесі аталғандарға әсер етеді:

– аталған органның аппараты оның ішкі ұйымының ұйымдастырылуы мақсатында, сыртқы басқару қызметінің шарттарын қамтамасыз ететін, бөлімшелері мен лауазымды адамдардың тікелей қылмыспен күресуге және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталады;

– ішкі істер органдарының бөлімшелері мен лауазымды адамдарының тікелей қоғамға қарсы әрекеттерімен, құқық бұзушылық пен криминогенді факторларды алдын алу негізгі мақсаты (жедел-ізвестіру, тергеу, алдын алу шаралары, қоғамдық тәртіпті сақтау және қамтамасыз етуге әсер етуді жүзеге асыру әдістері).

Ішкі істер органдарын басқару жүйесінде қызметкерлердің санасымен еріктілігіне әсер етудің әмбебап екі әдісі бар: сендіру және мәжбүрлеу. Олар басқарудың жалпы әдістерін құрады.

Сендіру — бұл әсер етудің түрі, ол эмоциялар мен мыйға бірлескен түрінде әсер етеді, қисық көзқарастарды, қарым-қатынастарды өзгертеді, ғылым немесе адамгершіліктің жаңа қоғамдық талаптарын қалыптастырады.

Негізгі сендіру әдістерінің түрлері болып: түсіндіру, талқылау, үгіттеу, алдын-алу, оң тәжірибені көрсету, көтермелеу.

Мәжбүрлеу құрамы болып басқару субъектісінің басқарылушы субъектісінің іс әрекеті. Басқарушы субъектісінің еркін орындамаған жағдайда ол моральдық, меншіктік, ұйымдастырушылық және объектінің физикалық шеңберіне әсер етеді. Оның барлығы басқарылушының ерік жігерін бағындырумен мақсатына жетумен сипатталады.

Басқарушы субъектілермен жүзеге асырылатын тәртіпті сақтау, заңдылықты қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары болып: тәртіптік, әкімшілік, материалдық, қылмыстық.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қолданылатын арнайы басқару әдістері.

Әкімшілік бұл басқарушы субъектінің басқарылушы объектіге әсер ету әдісі, ол басқарушы ерігіне басқарылушының бағынуымен сипатталады.

Ішкі істер органдар жүйесінде қолданылатын басқарудың әкімшілік әдістері:

1. Әкімшілік әдістер айтылу нысанына байланысты келесідей бөлінеді: әкімшілік-құқықтық, әкімшілік-ұйымдастырушылық.

2. Әкімшілік әдістердің заңдық қасиеттерінің нәтижесінде соңғылары нормативтік және жеке сипат алуы мүмкін.

3. Басқару объектісінің іс-әрекетіне әсер етуге қарай әкімшілік әдістер келесідей болып бөлінеді: белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға міндеттейтін; белгілі бір іс-әрекеттерді жасауды міндеттейтін; әдеуметтік пайдасы бар іс-әрекеттерді жасағандағы көтермелеу; кейбір іс-әрекеттерді жүзеге асырудағы тыйымдар олар анықталып белгіленген іс-әрекеттерді жасауға тыйым салады және оны қамтамасыз ету үшін қатаң тәртіп қажет.

4. Әкімшілік әдістердің жазылуына қарай келесідей болып бөлінеді: категориялық әдістер; міндеттеуші әдістер; ұсыным әкімшілік әдістер; диспозитивтік әкімшілік әдістер. Ұсыным әкімшілік әдістер анықталған кеңестерден құралады.

Әлеуметтік-психологиялық әдістер — ол басқару субъектісінің басқарылушы объектіге әсері, олар негізінен әлеуметтану мен психологияның объективті заңдарына сүйенеді, ұжымдық психологиямен әсер етеді, яғни әлеуметтік топтар мен жекелеген тұлғалар.

Аталған әдістер біркелкі емес сондықтан оларды классификациялау тапсырмасы алда тұрады. Әдебиеттерде әлеуметтік басқарудың мәселелеріне әртүрлі шешу жолдарын қарастырған. Оларды шартты түрде басқарудың әлеуметтік және психологиялық әдістері деп бөлеміз.

Басқарудың әлеуметтік әдістері іс-әрекетінің бағыттылығы бойынша келесідей түрлерге бөлінеді: әлеуметтік - өндірістік белсенділікті арттыру әдісі, әлеуметтік үздіксіздік әдісі.

Әсер ету объектісіне қарай басқару әдістері: әлеуметтік-жалпылық процестерінің әдістері, ұжымдарды, органдарды, топтарды және процестерді басқару әдістері, жеке тұлғалардың іс-әрекеттерін басқару әдістері.

Психологиялық басқару әдістері адамдардың қарым-қатынасына әсер етеді, яғни ұжымдағы еңбек жағдайын арттырып психологиялық климатты оңтайландырады.

Психологиялық басқару әдістерін келесідей топтарға бөлуге болады: ұжымдар мен шағын топтарды қалыптастыру әдістері; еңбекті гуманизациялау әдістері, психологиялық ояну әдістері, кәсіби іріктеу және білім беру әдістері.

Басқарудың экономикалық әдістері — бұл экономикалық заңдылықтардың талаптарын жүзеге асыру негізінде басқарудың мақсатына жету жолдары.

Экономикалық әдістерге еңбек ұжымдарын және жеке тұлғаларды материалдық ынталандыру жағдайлары жатады.

Экономикалық басқару әдістерінің өзге де басқару әдістерінен айырмашылығы басқару субъектісінің басқарылушы субъектісіне жанама әсер етумен ерекшеленеді.

Ішкі істер органдарында қолданылатын әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік, психологиялық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін толықтырып отырады. Кез келген қолданылатын шешімде экономикалық және тәрбиелік әдістер болуы керек. Басқарушылық әдістердің ішінен пайдалы, тиімді және мақсатқа бағыттылығын таңдап алуға тікелей бағытталады. Әртүрлі әдістерді дұрыс қолданып сәйкестендіру қазіргі кездегі басқаруда жетістікке жетуіне үлес қосады.

Бүгінгі күні елімізде құқық қорғау органдарында және мемлекеттік қызметте жан-жақты оңтайлы өзгерістер жүріп жатыр, қызметкерлердің саналы белсенді түрде жұмыс істеуі оларға қатысты жоғарыда аталған әдістердің қолданылуының алатын орны мен маңызы ерекше екенін атап өткен жөн, ол қызметкерлерді тәрбиелеу және ынталандыруға бағытталады.

ⁱ Жалбуров Е. Т. Ішкі істер органдарындағы басқару негіздері. — Қарағанды, 2007.

ⁱⁱ Корнев А. П. Основы управления в ОВД. — М., 2000.

ⁱⁱⁱ Райзерберг Р. А. Основы управления: Учеб. пос. для студентов вузов. — М., 2005.